Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Павлодар мұнай химия зауыты" ЖШС, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта бас әріппен жазылған төменде келтірілген терминдер мен анықтамалар келесі мағынада қолданылған: 1) «Шарттың жалпы сомасы» - Шарттың 2.1-тармағында көрсетілген, шарттың түгелдей қолданылу мерзіміне есептелген және өзгертуге жатпайтын сомасы. 2) «Құпия ақпарат» - үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, еркін қол жеткізуге болмайтын және Орындаушы осы Шарт бойынша немесе оған байланысты алған, шарттың мазмұнын қоса алғанда, Тапсырыс берушінің қаржылық, техникалық және өзге де ақпаратын қамтитын құжаттама және басқа да ақпарат (оның ішінде жазбаша, ауызша, электрондық тасымалдағыштағы ақпаратты қоса, алайда олармен шектелмей). 3) «Қызметтер» - атауы мен техникалық сипаты Техникалық сипаттамада (Шарттың №2 қосымшасы) келтірілген Тапсырыс беруші көлік құралының техникалық жай-күйінің (соның ішінде бөліктерін, оның қосымша жабдығының бұйымдары) көлік құралдарына қойылатын міндетті қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін тексеру (бұдан әрі – техникалық байқау) бойынша қызметтер. 4) «Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі)» - тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған, шарт бойынша қызметтер көрсетуді растайтын, ҚР Қаржы министрінің бұйрығымен бекітілген нысанға сәйкес ресімделген акті. 5) «Көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісі» - Тапсырыс беруші мен Орындаушы қол қойған, көрсетілетін қызметтердің тиісінше көрсетілген кезеңдері туралы куәландыратын, көрсетілетін қызметтер үшін төлемдер үшін негіз болып табылатын, ресімделуі және қол қойылуы орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі негізінде тараптар қол қойған, Веб-порталда көзделген нысанда электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) жүзеге асырылатын акті. 6) «Техникалық сипаттама» - осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың №2 Қосымшасында Тараптар айқындаған Орындаушы көрсететін Қызметтердің тізбесі, сипаттамасы және талаптары. 7) «Тапсырыс берушінің өкілі» - Шартты орындау шеңберінде Тапсырыс беруші оған жүктеген міндеттерді орындау үшін Тапсырыс беруші тағайындаған, Тапсырыс берушінің атынан мәселелерді шешуге және міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті кез келген тұлға. 8) «Орындаушының өкілі» - Шартты орындау шеңберінде Орындаушы оған жүктеген міндеттерді орындау үшін Орындаушы тағайындаған, Орындаушы атынан мәселелерді шешуге және міндеттемелерді қабылдауға уәкілетті кез келген тұлға.

1.3. Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №4 қосымшада көрсетілген Тапсырыс берушінің көлік құралдарына тексеру жүргізуге міндеттенеді.

1.4. Міндетті техникалық байқау жүргізу бойынша қызметтер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Орындаушының стационарлық техникалық бақылау желілерінде көрсетіледі.

1.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерімен бекітілген тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезінде ұйымдардың жергілікті қамтуды есептеуінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес есептелген шарттың жалпы сомасынан жергілікті қамтудың жоспарлық үлесі _____ пайызды құрайды.

1.6. Осы шартқа арналған қосымшалар тізбесі:

1.6.1. №1 қосымша – Сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, қызметтер тізбесі.

1.6.2. №2 қосымша – Техникалық сипаттама.

1.6.3. №3 қосымша - Жергілікті қамту бойынша есептілік формасы.

1.6.4. №4 қосымша – Жыл сайынғы техникалық байқаудан өтетін көліктердің тізімі.

1.6.5. №5 қосымша – Орындаушының басшылыққа алуына міндетті болып табылатын Тапсырыс берушінің құжаттамасымен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

Орындаушының жазбаша келісуі.

1.6.6. №6 қосымша – Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар саласындағы келісім.

1.7. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, Орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік, өрт, газ қауіпсіздігі, экология және санитарлық-эпидемиологиялық талаптар саласындағы келісім» деген №6 Қосымшасына сәйкес тапсырыс берушінің аумағында қызметтерді көрсетуге міндеттенеді.

1.8. Шарт талаптарының орындалуын бақылау мақсатында Тараптар осы Шартты орындау кезінде тараптардың іс-әрекеттерін үйлестіруге (осы Шартқа және оның қосымшаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қоспағанда) уәкілетті өкілдерді тағайындайды. Тараптар осы Шарт бойынша Өкілдерді тағайындау немесе ауыстыру туралы бір-бірін тағайындау немесе ауыстыру күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге міндеттенеді.

1.9. Орындаушы қызметтің осы түрін көрсету үшін даярланған білікті персоналы, жұмыс тәжірибесі, уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті рұқсаттары, лицензиялары барына кепілдік береді.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.1.1. ОКөрсетілген қызметтердің аралық көлеміне ақы төлеу Орындаушы ұсынған шот-фактура негізінде Қызметтер көрсетудің кезекті кезеңі бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Көрсетілген қызметтердің аралық көлеміне ақы төлеу Орындаушы ұсынған шот-фактура негізінде Қызметтер көрсетудің кезекті кезеңі бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

2.3.2. Қызметтердің түпкілікті орындалған көлеміне ақы төлеу Орындаушы ұсынған шот-фактура негізінде көрсетілген қызметтерді қабылдау-тапсыру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Орындаушы Шарт бойынша міндеттемелерді толық орындағаннан кейін жүзеге асырылады.

2.4. Қызметтердің құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде белгіленеді. Төлем валютасы: теңге. Төлем жүргізу формасы –Орындаушының есеп айырысу шотына ақшалай қаражатты аудару.

2.5. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

2.5.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. Шот-фактура;

2.5.3. Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі.

2.5.4. Диагностика картасы.

2.6. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.7. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін қызметтердің құны ұлғайту бағытында, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерімен және Стандартпен көзделген жағдайларды қоспағанда өзгертілмейді. Қазақстан Республикасының салықтарға қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қоя отырып, осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

2.8. Орындаушы Тапсырыс берушіге ҚР қолданыстағы салық заңнамасында көзделген мерзімде көрсетілген қызметтер үшін тиісті

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кезеңдегі түпкілікті шот-фактураны және орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) түпкілікті актісін қояды. Шот-фактураны және/немесе басқа да төлеуге қойылатын құжаттарды уақытылы ұсынбау Тапсырыс берушіні уақытылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

2.9. Тараптар актіге қол қойған сәттен бастап Орындаушының қызметтері орындалған болып есептеледі.

2.10. Тапсырыс берушінің банктердегі барлық банкілік шығыстарын Тапсырыс беруші, ал Орындаушының банктердегі банкілік шығыстарын Орындаушы төлейді. Корреспондент банк үшін комиссия ақша жіберуші есебінен төленеді.

2.11. Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстар, Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын барлық салықтар қызметтердің құнына кіреді.

2.12. Егер Орындаушы Шарттың жалпы сомасында Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы үшін қажетті жеке (соның ішінде күтпеген) шығындарын қарастырмаса, қызметтердің қымбаттау тәуекелін және/немесе кез келген қосымша сомаларды төлеу міндетін Орындаушы көтереді.

2.13. Егер Тапсырыс беруші қандай да бір шотты толық немесе ішінара дауласа, Тапсырыс беруші бұл туралы Орындаушыны дереу хабардар етуі тиіс, ал Орындаушы дауды шешу бойынша Тапсырыс берушінің пайдасына соманың дау тудырмайтын бөлігіне шотты қайта қоюы тиіс. Тапсырыс беруші мен орындаушы даулы сомаларға қатысты барлық даулы мәселелерді дереу шешу және оларды түзету үшін бар күшін салуы тиіс.

2.14. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық білдіру фактісі, кез келген дауды реттеу кезінде кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда аталған әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Орындаушының шот-фактураларын тануын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем ол үшін болашақта шотта қойылған кез келген соманың негізділігіне дау айту құқығы сақталған жағдайда жүргізіледі.

2.15. Осы Шарт бойынша жүзеге асырылатын төлемдер, ең алдымен, ҚР Азаматтық кодексінде айқындалғандай, көрсетілген қызметтер үшін Орындаушыға тиесілі төлем бойынша берешекті өтейді.

2.16. Тапсырыс беруші мен Орындаушының банктік деректемелері немесе заңдық мекенжайлары өзгерген жағдайда Тараптар бұл туралы бір-біріне осындай өзгеріс болған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей алдын ала хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарламаның мерзімдерін бұзу немесе Орындаушы төлем үшін деректемелерді дұрыс көрсетпеу нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда Тапсырыс беруші төлем жөніндегі міндеттемелерді тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші кейіннен алынған ақшаны дұрыс емес деректемелер бойынша ақша аудару нәтижесінде шеккен қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап, Орындаушыға аударуға міндетті. Тараптар төлем үшін дұрыс емес деректемелерді ұсынған және қайта төлемді жіберу қажеттілігі туындаған жағдайда қайта операциялар бойынша барлық шығыстарды төлем үшін дұрыс емес деректемелерді берген Тарап көтереді. Қайта операциялар бойынша шығыстар, ақша қаражатын аудару кезінде екінші Тарапқа шығыстарды өтеуге арналған шот және келтірілген банктік шығыстар туралы растайтын құжаттарды ұсына отырып, қайта төлем сомасынан ұсталады.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Қызметтер көрсету мерзімдері, талаптары, көлемі мен орны осы Шарттың №1,2 қосымшаларына сәйкес анықталады.

3.2. Орындаушы Шартта көзделген Қызметтерді Тапсырыс беруші көлік құралын, көлік құралын тіркеу туралы куәлікті ұсынған сәттен бастап күнтізбелік 5 күн ішінде көрсету міндетін өзіне жүктейді.

3.3. Орындаушыдан көрсетілетін қызметтерді тапсыруға дайын екені туралы хабарлама алған тапсырыс беруші оларды дереу қабылдауға міндетті.

3.4. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтерді осы Шартта көрсетілген тәртіппен қабылдайды.

3.5. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Орындаушы орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қою үшін Тапсырыс берушіге Шарт бойынша көрсетілген қызметтерге байланысты барлық қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

3.6. Шарт бойынша Қызметтер мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда Орындаушы мерзімінен бұрын тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Шарт талаптарында мерзімінен бұрын орындалған Қызметтер қабылдауға және төлеуге құқылы.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Көлік құралын қабылдауға, тапсырыс беруші берген көлік құралын тіркеу туралы куәлікті тексеруге.

4.1.3. Шарттың 3.2-тармағында көрсетілген мерзімде көлік құралын техникалық байқаудан өткізуге.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.4. Техникалық байқау кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген техникалық байқаудан өткізу қағидаларын сақтауды қамтамасыз етуге; Техникалық байқауды білікті персоналдың жүргізуін қамтамасыз етуге.

4.1.5. Техникалық байқауды өткізгеннен кейін Тапсырыс берушіге көлік құралын және мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс: - орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісі; - шот – фактура; - диагностика картасы.

4.1.6. Егер Орындаушы техникалық байқау барысында көлік құралының техникалық жай-күйінің көлік құралдарының міндетті қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтінін анықтаса және Тапсырыс беруші немесе оның өкілі қайтадан техникалық байқаудан өткізу туралы өтінішпен жүгінсе, 10 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қайта техникалық байқау жүргізілуі тиіс. Көлік құралын қайтадан техникалық байқаудан өткізген кезде тексеру диагностика картасына сәйкес алдыңғы техникалық байқау кезінде көлік құралдарының міндетті қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген көрсеткіштерге қатысты ғана жүргізіледі.

4.1.7. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.7.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады. Орындаушы Шарт шеңберінде Қызметтер көрсету үшін қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда, осындай қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) ескере отырып, көрсетілген қызметтердегі елішілік құндылық үлесінің есебін ұсынуды қамтамасыз етуге.

4.1.8. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.9. Осы шарт шеңберінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзған үшін үшінші тұлғалар алдында жауапты болуға.

4.1.10. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.11. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.12. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.13. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.14. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.15. Тапсырыс беруші өкілінің сұрау салуы бойынша Тапсырыс берушіге шарттық міндеттемелерді орындау жөніндегі өз қызметі туралы ақпаратты, оның ішінде екі Тараптың уәкілетті өкілдерімен келісілген нысандар шегінде сұрау салу бойынша статистикалық мәліметтерді (ақпараттар, есептіліктер) мен мерзімдерін, сондай-ақ Орындаушының/қосалқы мердігерлердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге байланысты әрбір лауазым бойынша және өзге де мәселелер бойынша олардың азаматтығын және төленген жалақы сомасын көрсете отырып, осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындайтын Орындаушы мен оның қосалқы мердігерлері қызметкерлерінің саны мен лауазымдары туралы ақпаратты қамтиды. Бұл ретте Орындаушы қызметкерлердің дербес деректерін қорғау бөлігінде ҚР қолданыстағы заңнамасын сақтау үшін қажетті барлық шараларды дербес қабылдайды.

4.1.16. Қызметтерді көрсету кезінде өрт қауіпсіздігі, еңбек қауіпсіздігі және экологиялық қорғау шараларын сақтауға, шарттың 4.3.7-тармағында көрсетілген Тапсырыс беруші кәсіпорнында қолданылатын ішкі нормативтік атілердің, регламенттік рәсімдердің, ережелердің талаптарын қатаң орындауға.

4.1.17. Қызметтер көрсетуге қажетті отандық Тауарларды, егер олар Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген болса, мұндай Тауарларды сатып алу бойынша кепілдік міндеттемені ұсына отырып сатып алуға.

4.1.18. Тапсырыс берушіге залал келтірмеуге, сонымен қатар нәтижесінде Тапсырыс берушіге залал келтірілуі мүмкін келісімдерді үшінші тұлғалармен жасамауға.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1.19. Актімен бірге Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың № 3 қосымшасына сәйкес нысанда Қызметтердегі елішілік құндылық үлесінің нақты есебін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны жібереді.

4.1.20. Қызметтердегі елішілік құндылық үлесі бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына кепілдік беруге; Елішілік құндылығы бойынша дұрыс емес ақпарат берілген жағдайда Орындаушы Тәртіпке және Шартқа сәйкес жауапты болады.

4.1.21. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз қызметкерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орындаушы қызметкерлерінің ҚР, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнаманы сақтауы тұрғысынан тұрақты аудит (ішкі бақылау) жүргізуге.

4.1.22. заңнаманы сақтауы тұрғысынан тұрақты аудит (ішкі бақылау) жүргізуге; 4.1.21. Қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) берілген, жиынтығында көрсетілетін қызметтер/жұмыстар көлемінің (құнының) ¼ аспайтын жұмыстар мен қызметтердің шекті көлемін сақтауға міндетті. Қосалқы мердігерлердің құрамын өзгерту қажет болған жағдайда (мәлімделген шекті көлемдер шеңберінде) Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушіні қосалқы мердігерлердің жаңартылған құрамын келісе отырып, жазбаша түрде хабардар етуге. Қосалқы мердігерлердің болуы Орындаушыны Шарт бойынша материалдық немесе басқа жауапкершіліктен босатпайды, оның ішінде Тапсырыс берушінің өндірістік, еңбек тәртібін және ішкі ережелерін (Ішкі еңбек тәртібі, өткізу режимі және жатақханаларда тұру қағидалары және т.б.) бұзғаны үшін. Тапсырыс беруші қосалқы мердігерге қосалқы мердігердің Орындаушымен шартты бұзуына байланысты талаптар қоюға құқылы.

4.1.23. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Жұмыстарды орындау/Қызметтер көрсету процесін тоқтата тұруға болмайды. Жұмыстарды орындау/қызметтер көрсету үшін тартылған персоналдың қатысуымен ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және өзге де еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, Орындаушы өз ұйымының бірінші басшысының осындай жағдайларға байланысты кез келген мәселелерді реттеу жөніндегі іс-шараларға тікелей қатысуын қамтамасыз етуге міндеттенеді Орындаушы персоналдың жұмысын еңбек жанжалдары туындаған кезеңде жұмыстарды орындауды/қызметтерді көрсетуді толық тоқтатуды болдырмайтындай етіп ұйымдастыруға міндетті. Қажет болған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету үшін қосымша персоналды немесе қосалқы мердігерлерді тартуға міндетті. Орындаушы ереуілдер, наразылық акциялары, локауттар және басқа да еңбек жанжалдары кезіндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуге, Тапсырыс берушімен келісуге және бекітуге, сондай-ақ жұмыстарды орындау/қызмет көрсету кезінде кідірістерді барынша болдырмау үшін персоналды осы жағдайларды реттеу жөніндегі шараларға уақытылы оқытуға міндетті. Орындаушының өз күшімен реттеуге болмайтын еңбек жанжалдары туындаған жағдайда, ол осы әрекеттерді Тапсырыс берушімен алдын ала келісе отырып, дауды тезірек шешу үшін өз есебінен білікті медиаторларды немесе мамандарды тартуға міндетті. Ұжымдық еңбек дауы туындаған жағдайда Тапсырыс берушіге жұмыскерлердің алға қойған ұжымдық талаптарына байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы (дәлелді ұстаным, талаптарды қанағаттандыру мүмкін еместігін растайтын құжаттар және т.б.) ұсынуы тиіс.

4.1.24. Шарттың талаптарына және оған қосымшаларға сәйкес тиісті және уақытылы қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге.

4.1.25. Тартылған шетелдік персоналға қатысты қазақстандық персонал үшін тең жағдайлар мен еңбекақы төлеуді қамтамасыз етуге, соның ішінде:

4.1.25.1. Орындаушының қызметкерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары болып табылатын оның бірлесіп орындаушылары арасында кемсітушілікке, оның ішінде еңбекақы төлеу саласында кемсітушілікке жол бермеуге;

4.1.25.2. Тапсырыс берушінің талабы бойынша олардың азаматтығын көрсете отырып, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде тартылған Орындаушы жұмыскерлерінің және оның бірлесіп орындаушыларының саны мен лауазымдары туралы ақпарат беруге;

4.1.26. Егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, қызметтерді өз күшімен көрсетуге, сонымен қатар егер бірлесіп орындаушыларды (бірлесіп орындаушыларды) тарту талаптары тендерлік құжаттамада және тендерге қатысуға өтінімде және/немесе шартқа қосымша болып табылатын техникалық сипаттамада көзделсе, бірлесіп орындаушыларға (бірлесіп орындаушылардың) күшімен және құралдарымен; тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғыларда), ғимараттарда (құрылыстарда), үй-жайларда, бағдарламалық жасақтамамен; өз материалдарымен және құралдарымен (құралдар мен механизмдермен, көлікпен, арнайы техникамен, аспаптармен, ЖЖМ және т.б.) қызмет көрсетуге; Қызметтерді орындаушы қолданыстағы нормалар мен қағидалардың, техникалық шарттардың талаптарын сақтай отырып, кейіннен қызметтер аяқталғаннан кейін жұмыс алаңынан өзінің қосалқы жабдықтарын шығара отырып орындауы тиіс.

4.1.27. Тендерлік өтінімге сәйкес бірлесіп орындауға берудің рұқсат етілген көлемін қоспағанда, Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша өз міндеттемелерін ешкімге толық да, ішінара да бермеуге тиіс.

4.1.28. Тапсырыс берушіге орындалған қызметтер туралы нақты және толық ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ қызметтердің жинақтау ведомосін, барлық атқарушылық және есептік құжаттаманы жүргізуге.

4.1.29. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуге.

4.1.30. Көрсетілетін қызметтер бойынша тәуекелдерді сақтандыруды өз есебінен жүзеге асыруға, соның ішінде, бірақ онымен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

шектелмей, жұмыскерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өндірістегі жазатайым оқиғалардан және кәсіптік аурулардан, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалдың зардаптарын жою жөніндегі шығындарды қоса алғанда, қоршаған ортаның ластануына байланысты жауапкершілік тәуекелдерін, сондай-ақ үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруға.

4.1.31. Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тартылатын өз жұмыскерлерінің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ Орындаушы/бірлесіп орындаушы жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасын сақтауы тұрғысынан тұрақты аудит (ішкі бақылау) жүргізуге.

4.1.32. Тапсырыс берушіге Шарт бойынша берілген қызметтердің нәтижелеріне үшінші тұлғалардың айрықша және өзге де құқықтарының және тиісінше олар бойынша ақшалай талаптардың болмауын қамтамасыз етуге; Тапсырыс берушінің талабы бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсетілген қызметтердің нәтижелеріне немесе олардың бір бөлігіне айрықша құқықтарды беруге міндеттенеді.

4.1.33. Орындаушы салық заңнамасының талаптарын сақтай отырып, Шартта көзделген қызметтерді көрсетуге, оның ішінде тиісті салықтар мен міндетті төлемдерді уақытылы және дұрыс есептеуді, сондай-ақ салық органына салық есептілігін жасаудың дұрыстығын және уақтылы ұсынуды қамтамасыз етуге міндетті. Орындаушы осы тармақты және Шарттың өзге де талаптарын тиісті түрде орындамаған жағдайда, жалған ақпарат беруді қоса алғанда, Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушіде туындаған залалдарды, осыған байланысты қосымша есептелген салықтар мен айыппұл санкцияларын қоса өтеуге міндеттенеді. Залалдарды өтеу жөніндегі міндеттеме Тапсырыс беруші үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген талап қою мерзімі ішінде қолданылады.

4.1.34. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) не растамау фактілерін анықтаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырыс берушіге ҚҚС асып кеткен соманы Қазақстан Республика бюджетінен қайтарудан бас тартылатын болса не салықты қосымша есептеу артылса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кетуінің барлық сомасын, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де есептелген салықтарды өтеуге міндеттенеді. Осы тармақта көзделген шарт Орындаушының өзімен тікелей өзара қарым-қатынаспен шектелмейді, сондай-ақ қандай да бір негіздер бойынша Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуларды растамау, қосылған құн салығын қайтармау және Тапсырыс берушіге мемлекеттік органдар ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды қосымша есептеу жағдайларына әкеп соққан Орындаушының өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарға да қолданылады.

4.1.35. Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі және/немесе тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде босату шарттарының Орындаушыға қолданылмауы себебінен төлем көзінен салық салудан босатуды негізсіз қолдануды белгілесе, Орындаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуге жататын салықтар мен қаржылық міндеттемелердің барлық сомасын өтеуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші көрсетілген оқиғалардың басталу фактісін растайтын барлық қажетті құжаттарды ұсынады.

4.1.36. 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, егер залал белгіленген тәртіппен дәлелденсе және күшіне енген сот актісімен расталса, қызметтік міндеттерін атқару кезінде де, олармен байланысты емес те, соның ішінде Тапсырыс берушінің аумағында болған кезде де Орындаушы жұмыскерлер персоналының заңсыз әрекеттерінен келтірілген залалды өтеуге; Залалды өтеу Орындаушының қаражаты есебінен, соның ішінде барлық жасалған және қолданыстағы шарттар бойынша Тапсырыс берушінің Орындаушыға төлеуіне тиесілі сомалар есебінен жүргізілуге тиіс. Осы тармақтың күші Орындаушы осы Шарт бойынша жауапты болатын қызметтерге тартқан барлық бірлесіп орындаушыларға да қолданылады.

4.1.37. Мемлекеттік қадағалау органдарымен қызмет көрсету тәртібін, Тапсырыс берушінің персоналын оқытуды, сондай-ақ жабдықты іске қосу және пайдалану үшін қажетті барлық құжаттарды (егер мұндай жұмыстар Шартта көзделген жағдайда) кейіннен Тапсырыс берушіге бере отырып келісуге.

4.1.38. Егер Шарттың мәніне орындалуы кезінде тауарларды сатып алу Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық Кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) келісімі бойынша Сатып алу жөніндегі Қор операторы бекіткен тауар өндірушілерден жүзеге асырылатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесінен көрсетілетін қызметтер кірсе, Орындаушы тиісті тізбеге енгізілген қызметтерді көрсету үшін қажетті тауарларды сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан сатып алуға міндетті. Жұмыстар шеңберінде тауар өндірушілерден сатып алынатын тауарлардың тізбесін ҰКП-мен келісім бойынша Сатып алу жөніндегі Қор операторы бекітеді. Осы тармақтың нормасы орындалмаған жағдайда Орындаушы міндеттемені бұза отырып, сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түріндегі міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады, оны орындаушы төлеуі тиіс немесе Тапсырыс беруші Тараптар көрсетілген қызметтердің тиісті (түпкілікті) актісіне қол қойғанға дейін ұстап қалуы мүмкін. Орындаушының осы тармақта көзделген міндеттемені орындауын растау Орындаушының Тараптардың көрсетілген қызметтердің тиісті (түпкілікті) актісіне қол қойған күніне дейін сатып алынатын тауарларды тауар өндірушіден/сатып алынатын тауарлар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымнан (ұйымдардан) тауарларды сатып алу туралы шарттың (шарттардың) көшірмелерін, тауарларды қабылдау-тапсыру актілерін ұсыну болып табылады. Орындаушы осы тармақта көзделген міндеттемені орындаудан тауарды жеткізу бағасы, сипаттамалары мен мерзімдері Шарттың талаптарына байланысты Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда босатылады. Баға Орындаушының талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге сатып

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

алу туралы шарттың (шарттардың) және құны жаңа өндірістер құру жөніндегі Жобаны іске асыратын тауар өндіруші/ұйым ұсынған тауар(-лар) бағасынан төмен тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісінің (актілерінің) көшірмесін ұсынады.

4.1.39. Шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға.

4.1.40. Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді атқаруға міндеттенеді.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушінің осы Шарттың талаптарын орындамауы нәтижесінде келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге.

4.2.4. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.6. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.7. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Шарт бойынша Қызметтерді көрсететін персоналдың өндірісте жазатайым оқиғаға ұшырау фактісі туралы Орындаушыға дереу хабарлауға/

4.3.5. Шарт бойынша Қызметтерді көрсететін персонал жазатайым оқиғаға ұшыраған жағдайда ҚР заңнамасымен көзделген қажетті шараларды қабылдауға, Орындаушыға жазатайым оқиғаны тергеп тексеруге жәрдемдесуге. Орындаушының жұмыскерлері шарттың міндеттемелерін орындауы үшін қажетті Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік тәртіптерінің талаптарымен танысқаннан кейін Тапсырыс берушінің күзетілетін объектілерінде шарттық міндеттемелерді орындауға рұқсат беруге.

4.3.6. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.7. Орындаушының жұмыскерлерін объектіде қолданылатын «Өткізу және объектішілік тәртіптер туралы ереженің», еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт, газ, өнеркәсіптік қауіпсіздік, олардың өз функцияларын жүзеге асыруға қатысты бөлігінде талаптарымен, сондай-ақ «ПМХЗ» ЖШС-нің сапа, экология, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру, активтерді басқару, корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясатымен», «Жұмыс орнын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. 5S жүйесімен» және Тапсырыс берушінің кәсіпорнында қолданылатын және осы Шарт бойынша қызметтерді ұйымдастыруға және көрсетуге қатысты басқа да актілерімен таныстыруға.

4.3.8. Көрсетілетін қызметтер көлемінің, құнының және сапасының нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе.

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Егер Орындаушы шарттық міндеттемелер талаптарын бұзып орындаған қызметтерді түзету бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Орындаушыға бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді толық немесе ішінара тоқтатуды тапсырып, жазбаша нұсқама береді.

4.4.7. Осы Шартта және оның қосымшаларында көрсетілген қызметтерді сапалы және уақытылы көрсетуді және қызметтерді орындау барысында немесе одан кейін кемшіліктерді жоюды талап етуге;

4.4.8. Орындаушы кемшіліктерді жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда Қызметтер көрсетудің (немесе оның бір бөлігінің) аяқталғаны немесе тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге.

4.4.9. Ескертпелер болған жағдайда көрсетілген қызметтер актісіне олар толық жойылғанға дейін қол қоюдан бас тартуға.

4.4.10. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қауіпсіз мекенжайына Орындаушының атауын, шот нөмірін және төлем мақсатын қоса алғанда, осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпаратты, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ сұрау салуы бойынша осы Шарт бойынша кез келген ақпаратты қамтитын банктік үзінді көшірмені ұсынуға.

4.4.11. Қосымша келісім жасай отырып, қызметтерге деген қажеттілікті азайтуға құқылы. Бұл ретте Тапсырыс беруші Орындаушыға көрсетілген қызметтердің нақты көлемі үшін ақы төлейді.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушының көрсетілген қызметтерді тапсыруы және Тапсырыс берушінің оларды қабылдауы орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актісімен ресімделеді, оған екі тарап қол қояды және кәсіпорындардың мөрлерімен бекітіледі.

5.2. Тапсырыс берушінің орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне қол қойған күні көрсетілген қызметтерді тапсыру-қабылдау күні болып есептеледі.

5.3. Тапсырыс беруші Актіні алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қызметтерді қабылдайды және оған қол қояды немесе Орындаушыға Қызметтерді көрсетуден жазбаша дәлелді бас тартуды жібереді. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан бас тартқан кезде Тараптар екіжақты акт жасайды, онда көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктер, сондай-ақ оларды жою шарттары мен мерзімдері көрсетіледі. Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі барлық кемшіліктерді өз есебінен және тәуекеліне қарай жояды.

5.4. Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды/көрсетілген қызметтерді қабылдау кезінде Орындаушының Шарттың 4.1.22-тармағын қосалқы мердігерлерді тарту тәртібі мен көлемінің сәйкес келмеуі бөлігінде бұзушылықтарын анықтаған жағдайда, Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөліміне сәйкес Орындаушыны жауапкершілікке тартуға құқылы.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы:

6.1.1. Қызметтерді толық көлемде және шартпен белгіленген мерзімде көрсетуге.

6.1.2. Көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасына кепілдік береді. Бұл ретте кепілдік мерзімі Актілерге қол қойылған күннен бастап 12 ай, соның ішінде Тапсырыс беруші анықтаған ақауларды Орындаушы өз есебінен және өз күшімен жояды.

6.2. Барлық көрсетілген қызметтердің сапасы Шарттың қосымшаларында көзделген Тапсырыс берушінің талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТТ, ССТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі тиіс.

6.3. Орындаушы пайдаланылатын материалдардың, конструкциялардың, жабдықтар мен жүйелердің тиісті сапасына, олардың жобалау ерекшеліктеріне, мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттарға сәйкестігіне, оларды тиісті сертификаттармен, техникалық

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

паспорттармен және олардың сапасын куәландыратын басқа да құжаттармен қамтамасыз етуге кепілдік береді.

6.4. Орындаушы көрсетілетін Қызметтерге барлық рұқсат құжаттарының, оның ішінде орнатылатын қосалқы бөлшектер мен тораптарға арналған сертификаттардың, рұқсаттардың, лицензиялардың болуын қамтамасыз етеді.

6.5. Шарт талаптарынан ауытқуларды немесе өзге де кемшіліктерді анықтау Орындаушыны Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерден босатпайды және Тапсырыс берушіні көрсетілетін қызметтердің мерзімдеріне, көлемдеріне және сапасына қатысты одан әрі талаптар қою құқығынан айырмайды.

6.6. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша көрсетілетін Қызметтердің нәтижелеріне айрықша құқықтар үшінші тұлғаларға берілмейтініне кепілдік береді. Үшінші тұлғалар Тапсырыс берушіге Қызмет көрсету нәтижелеріне айрықша құқықтарға қатысты талаптар қойған жағдайда Орындаушы осы кепілдіктердің талаптары бұзылған жағдайда Тапсырыс берушіге осыған байланысты барлық шығындарды толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Орындаушы Шартта көрсетілген қызметтерді көрсету мерзімдерін кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде, мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.2. Орындаушының өз міндеттемелерін Шартта көзделген мерзімдерде орындау мүмкіндігін шектейтін Тапсырыс берушінің кінәсінен туындаған жағдайлардың салдарынан Орындаушының міндеттемелерін орындауын кешіктіруі Орындаушыдан өсімпұл өндіруге негіз болмайды. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімін кешіктіру уақытына сәйкес қайта қарайды.

7.2.3. Қызметтердегі елішілік құндылықтың нақты есептеулерін ұсынбаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге өткізілген әр күн үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерде, бірақ Шарт сомасынан 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Тапсырыс берушіге және/немесе үшінші тұлғаларға залал келтірілген немесе Тапсырыс берушінің жұмыскерлеріне және/немесе үшінші тұлғалардың жұмыскерлеріне, Тапсырыс берушінің мүлкіне және/немесе үшінші тұлғалардың мүлкіне зиян келтірілген жағдайда Орындаушы Тапсырыс беруші және/немесе үшінші тұлғалар шеккен барлық шығындарды, өсімпұлдарды, залалдарды, соның ішінде Тапсырыс беруші жұмыскерлерінің және/немесе үшінші тұлғалар жұмыскерлерінің денсаулығын қалпына келтіруге байланысты шығындарды өтеуге міндетті. Бұл ретте тұрақсыздық айыбы шығындардан артық өндіріп алуға жатады, яғни залалдар да, тұрақсыздық айыбы да толық сомада өндіріп алынады.

7.2.5. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлем жасаған және Орындаушы осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) Шартты бұзу (соның ішінде оны бұзу арқылы) жағдайында, Орындаушы Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты (шығындары жұмыстарды/қызметтерді/тауарларды қабылдау-тапсыру актілерімен расталмаған) талап жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей қайтаруға міндеттенеді. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде, бірақ шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.2.6. Елішілік құндылық бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Орындаушы Шарт сомасынан 5% мөлшерде, сондай-ақ орындалмаған елішілік құндылықтың әрбір 1% үшін 0,15% мөлшерде, бірақ Шарт сомасынан 10% аспайтын мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

7.2.7. Орындаушы осы Шарт бойынша көзделген Тапсырыс беруші алдындағы өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Орындаушы осы Шарт бойынша Тапсырыс берушіге көрсетілген Қызметтер үшін келесі төлемнен айыппұл (өсімпұл) сомасын ұстап қалу құқығын береді.

7.2.8. Қызметтерді сапасыз көрсету анықталған жағдайда, Орындаушы осы Шарттың бағасын көтермей және Тапсырыс беруші белгілеген мерзімдерде кемшіліктерді, ақауларды өз күшімен жоюға міндетті.

7.2.9. Орындаушының Қызметтердегі ақаулар мен кемшіліктерді, анықталған кемшіліктерді уақтылы жоймағаны үшін Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін мерзімінде орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайды.

7.2.10. Орындаушы Шарттың осы бөлімінде көзделмеген Шарт бойынша басқа да міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушының міндеттемелерін бұзған әрбір жеке жағдайда Орындаушыдан Шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуді талап етуге құқылы.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.2.11. Қызмет көрсетуден негізсіз бас тартқан немесе Орындаушының кінәсі бойынша қызмет көрсету мүмкін болмаған немесе Орындаушының бастамасы бойынша шарт бұзылған жағдайда немесе осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа не Орындаушының Шарттың талаптарын бұзуына байланысты Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

